

АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

СОҒЫСТАН ЕНДІ ЕС ЖИЯ БАСТА-
АН ҰРПАҚТЫҢ ЕЛУІНІШ ЖЫЛДАР-
ЫН ЖАС БУЫНЫ (ӘРИНЕ, ЕРЕСЕК
БУЫН ДА) СОЛ ҮШ КІТАПТЫ
ҚОЛДАН ТҮСІРМЕЙ ОҚЫДЫ:
ТАМАЗИ АХТАНОВ, «ҚАНАРЛЫ
КҮНДЕГ» (1956 ЖЫЛ), ӨТЕБАЙ
ҚАНАХИН «АУЕЛ» АҚШТАРДА (1957
ЖЫЛ), «СӘДЖІМІН СӘРПЕЙСІСОЗ,
«КҮТКЕН КҮНІ» (1965 ЖЫЛ),
НЕГЕ? СОҒЫСТАН ЕНДІ ЕС ЖИЯ
ДА БОЛМАСТАН, ҚАЗАҚТЫҢ
ШЫҒАРМАЛАРЫНДА СОҒ ҚАНДЫ
ҚЫРҒЫН АҚИҚАТПЕН БЕЙНЕЛЕНІП
ЕДІ. СОЛ АҚИҚАТҚА КӨРКЕМДІК
ШЕБЕРЛІКТИ ҚОСЫҢЫЗ.
ИНСТИТУТТЫҢ ЕКІНШІ КУРСЫНДА
ОҚЫП ЖҮРГЕНДЕ МАЙДАНҒА ӨЗИ
СҰРАНЫП АТТАНҒАН АХТАНОВ-
ТЫҢ, СОҚП ҚАТАРЫНА 1943 ЖЫЛЫ
ОКОПТАН ОКОПҚА КӨШІП ЖҮРІП
ӨТКЕН НҰРПЕЙСОВ ТУРАЛЫ
Әңгіме бөлек.
АЛ МАЙДАНҒА 18 ЖАСЫНДА ТАҒЫ
ДА СОЛ ӨЗИ СҰРАНЫП АТТАНҒАН,
СОҒЫСТЫҢ БАСЫНАН АЯҒЫНА
ДЕЙІН БОЛҒАН, ЖЕҢІС КҮНІН
БЕРЛИНДЕ ТОЙЛАҒАН, СОЛ КЕЗДЕ
ЖАПОНИЯ ТІЗЕ БҮГІП, ПОРТ-АРТУР
АЗАТ ЕТІЛГЕН СОҒ СОНДА ӘСКЕРИ
ҚЫЗМЕТКЕ ЖІБЕРІЛІП, ЕЛГЕ 1954
ЖЫЛЫ ОРДЕН-МЕДАЛЬДАРМЕН,
МАЙОР ШЕНІСІН ОРЛАҒАН
ӨТЕБАЙ ҚАНАХИННИҢ ТАҒДЫРЫ
ТІЛТІ БӨЛЕК.
ӨТЕАҒАҢНЫҢ ТУҒАНЫНДА ТҮСКЕН
ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. ҮРҒЫЗ
АУДАНЫ ОСЫ МЕРЕЙЛІ ДАТАНЫ
АТАП ӨТТІ. КӨП ТОЙЛАРҒА ТӘН
ДАҒАЗАМЕН ЕМЕС, СЫПАЙЫ
СҰРАДЫ ТҮРДЕ АТАП ӨТТІ. БҮЛ
ТУРАЛЫ КЕЙІНІРЕК АЙТАМЫЗ.
БҮЛ САЛТАНАТҚА ӨТЕАҒАҢНЫҢ
АЛМАТЫДА ТУРАТЫН ЖАРЫ,
КІТАПХАНА ІСІНІҢ БІЛГІР МАМАНЫ
САФИРА АПАЙ ҚАНАХИНА, НЕМЕ-
РЕСІ МАРСЕЛЬ, ҰЛЫ «АҚТӨБЕ-
НЕРГО» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ-
НЫҢ ӨНДІРІС ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТО-
РЫ БЕКЕТАЙ ҚАНАХИН, ХАЛЫҚА-
РАЛЫҚ «АЛАШ» СҢЙІЛЫҒЫНЫҢ
ЛАУРЕАТЫ, БЕЛГІЛІ ЖАЗУШЫ
ҚУАНДЫҚ ТҮМЕНБАЕВ ҚАТЫСТЫ.
ӘУЕЛІ ҚОҢАҚТАР АУДАНДЫҚ
МҰРАЖАЙ МЕН АУДАНДЫҚ КІТАП-
ХАНАДА БОЛЫП ЖАЗУШЫҒА
АРНАЛҒАН ӘСЕРЛІ КӨРМЕЛЕРМЕН
ТАҢЫСТЫ.
СОСЫН «АРАЙ» МӘДИНИЕТ
ҮЙІНДЕГІ АШЫ ІШЕКТЕЙ СОЗЫЛМА-
ҒАН, СОЛ СЕБЕПТИ ЖИНАЛҒАН
ЖҮРТТЫ ЖАЛЫҚТЫРМАҒАН
АЛҒАШҚЫ ШАРАДА БАЯНДАМА
ОҚЫЛДЫ, ЕСТЕЛІКТЕР АЙТЫЛДЫ.

ның бабасы осы өлкеде өмір сүрді.
Сондықтан туған жер мен өлке туралы
алып кімсің, астамсың, ят. Осы қы-
зыңмен сүйе біл жерді дегенді де ұға біл
өзіңнің перзенттік парызыңды ұмытпа.
Сонда ғана жеріңе, өзін туған топыраққа
лайық ұрпақ бола аласың. Жерлесіміз
Өтебай Қанахиннің «Ата қоныс» атты
повесті-эссесі осындай ойларға жетелейді.
Жазушы өзінің 1990 жылы «Жазушы»
баспасынан шыққан бұл повестін түгелімен
ата қонысқа — туған жерге арнапты.
Кітап басынан аяғына дейін ата мекеннің,
ата қоныс астамының көнекөз қарттардың
қадір-қасиетін, а

ордаңдерінің, 13 медальдік иегері: «Мен
Өтебаймен 1935 жылдан Калинин атындағы
бастауыш мектепте бірге оқыдым.
Интернатта бірге жаттық. Мінезі байсалды
еді. Қайсарлығы жеткілікті болды. Кім
кімді де сыйлай білетін өзін де сыйлататын.
Арамызда өлең жазатындар көп болды.
Содан ба екең алдыңғы қатарлы класс
болдық. Өкінішке қарай, солардың көпшілігі
сұм соғыстан оралмады. Өтебай бағмызға
аман-есен келді ғой. Ана бір жылы ауылға
келгенінде сол қалам тастарының есімін
тізіп шықты. Меніңдерімді де ұмытпапты.
Зеректігім, елдің есінен шығармайтындығы ғой».


Бір көшенің тұрғындары
Сөзін көрнекті ақын Ғафу Қайырбеков
жазған әлгі белгілі әннің алғашқы жолын
сәл өзгертіп айтсақ, Үрғызда көшесі бар
Өтебайдың. Сол көше Өтеағаң өте риза
болып қалды. Тап осы жерде Өтебай
Қанахин атындағы көше мерекесі өткізілі-
ні үшін ғана емес. Осы мерекені өткізуге
дайындық кезінде атқарылған істер үшін де.
Мұны Үрғыз селолық округінің әкімі
Қабылбаевтың мерекені ашар алдындағы
сөзі аңғартты. Осы жазушы атындағы

орта мектепте жалғасты. Тәуір кітап көрмесі
ұйымдастырылыпты. Конференцияда мұғалімдер
Элимира Қарабаева мен Қалдан Бақтыбаев
баяндама жасады, жазушының қарындастары
Мағырой Көшбаева мен Рима Әбетова естелік
айтты. Тәуіп селолық округінің әкімі Марат
Турымов, мектеп директоры Ерғентай
Мизамбаев, сыйлы қонақтар сөз алды.
Оқушылар жазушыға арнаған өлеңдерін
оқыды.
Тағы бір оңды шаруа жазушының ұлы
Бекетай 8-сынып оқушысы Баянсулу
Имановаға өз атынан белгіленген Өтебай
Қанахин атындағы ақшалай сыйлық-

ӨТЕБАЙ ТУҒАН ӨЛКЕДЕ

жазушы Өтебай Қанахиннің туғанына

88 жыл толуы тойланып өтті



қым-сығым игі салт-дәстүрлерін толғана
баяндайды. Алматыдан келген Қайсардың
(бұл кейіпкердің прототипі жазушының
өзі деп ойлаймыз) Нүркей ақсақалмен
кездесуі, Бақтылы шешейдің «Оң қабағым
тартып жүр еді» деп қуанып, Қайсарды
еркелеті «төрем» деп атауы ісі бүрқыраған
қазақылықты ғана емес, адамдар арасындағы
шынайы сыйласықты бейнелейді. Өзіміздің
Тәуіптің табиғаты мен жер, сулары да шебер
кескінделген.
«Қатын төбе», «Қос бүйрек», «Мамыт»
бәрін аңсарлықпен аралаған ағамыз өткенге
шепінс жасау арқылы Үрғыз халқының
сонау аштық жылдары мен репрессия жылдарында
көрген зобалаңын да көзге елестетеді.
Алдағыларға естелік, кейінгілерге үлгі
боларлық «Ата қоныс» шығармасында
табиғат суреті мен сыры да мол қамтылған.
Қасқалдақтың ителгіден қалай қорынатыны,
бірқазанның балық аулауы, қаз тізбепі
соңынаң үйрек тізбепі бас жағынан ату
керектігі жөнінде көбіміз біле бермейміз.
Қазақтың қол алып амандасуында «Жеңімде
қанжарым жоқ» деген астарлы мән барын
кім білген. Жетім кезгі жағдайын өз естелігінде
Өтекең былай баяндайды: «Қойшы, жетімдіктің
тас келешін қайтадан кидім, қайтадан
әркімнің үйінің есігін иемдене ашып,
босағасынан телміре сығалар, кім көрінгенің
отын жақтым, күлін шығардым, суын тасыдым,
тезегін тердім, шөпшегін әкелдім,
келісін түйдім, күбісін піттім, қозылағын
көгендестім, малын қайырыстым, мал сауғанда
бузау, құлын, ботасын ұстайдым,
бесігін тербеттім, аяғын апыл-тапыл басқан
баласын ойнаттым... Сөйтіп өлмесінің
күнін көріп жүріп жаттым». Бұл кезде
Өтебай адамның туу, ер жету қағидасы
бойынша балалық дәуреннің балдан төтті
қызығын алаңсыз көруге тиісті 7-9 жас
аралығында болатын. ... Өтекең елдің
жайына жиі құлақ түріп, жақсылық естісе
шаттанып, жағымсыз әңгіме естісе налып
қалатын патриот болған.

Қуандық ТҮМЕНБАЕВ: «Соңғы жылдары
XX ғасырдағы тулғалар есімі келгенде
қала беретін. Заманның қиындығы ғой.
Үрғыз ауданы әкімшілігінің өз перзенттерін
осылай еске алуы көп алғысқа лайық шаруа.
Өтеағаң өмір партияның Орталық
Комитетіндегі қызмет... Сонда да Өтеағаң
ісіліктен атпаған жоқ. Тіп-тік жүріп, әділ
сөйлейтін. Ал шығармаларында тәуелсіздікті
аңсау зер салып қараған адамға жылт-жылт
етіп көрініп тұрады. Оның соғыс прозасы аса
шыңшыл дүниелер. Сосын Өтеағаң әйелдер
образын бейнелеудің шебері болды. Бас
кейіпкерлері — Дәмелі, Гүлнұр, Толқын,
Маздақ...»
Сағира ҚАНАХИНА: «Өтекең әскерде
ұзақ жүрді ғой. 18 жасында өзі сұранып
кетіп, 31 жасында оралды. Сол әскерде
жүргенде жазған повесі Мұқан Иманжановтың
қолына түседі. Ол кісі әллі повесі жариялатып
қана қоймай, Жазушылар Одағы атынан оны
әскерден босатуды өтініп хат жолдатады.
Өтекеңнің отбасына деген сүйіспеншілігі
ерекше еді. Қазақ дәстүрін қатты ұстанатын.
Мен Өтекеңнен 23 жас кішімін. Үйленерде
маған қойған бір ғана талабы — «менен
жасы кішіні қайным, жасы үлкенді қайнаға
дейсің». Өз отбасында сыйлы болды. Соның
нәтижесі ғой, Әбіш Кекілбаев немесе Қадыр
Мырзалиев терізі жасы үлкен қайныларым
әлі күнге дейін мені той-қуаныштарынан
қалдырып көрген емес. Өтекең басына
қандай қиын күн туғанда да адамгершілігін
жоғалтқан жоқ».

дағы орталық көше бойында аудандық
ардагерлер үйі, азаматтық хал әкіптерін
жазу бөлімі, аудандық кітапхана, аудандық
мұрағат және мұражай бөлімі, орыс орта
мектебі, аудандық ішкі істер бөлімі,
аудандық салық комитеті бар.
Әуелі аудан әкімі осы көшенің тойға
қалай дайындалуы керектігі жөнінде
шешім қабылдаған. Сосын көше тұрғындарымен
кездесулер өткізілген. «Үлгілі үй» атты
конкурс жарияланған. Әр жағы белгілі.
Мекеме гимнаттары, жеке тұрғын үйлер
жөнделген, әктелген сырланған. Ал
аудандық қазынашылық мекемесі мен
төлем орталығы көшені таза ұстау мен
мәдени көрнекілікке қатысты жүргізген
істер өз алдына алғысқа ие.
Сонымен көше шеруі басталды. Атауы —
«Біз Өтебай көшесінде тұрамыз». Әсем
безендірілген сахна ән-күй тәкті, Өтеағаң
туралы өлеңдер, жазушының «Жер басып
жүрсем», «Ата қоныс» кітаптарынан үзінділер
оқылды. Жалпы жұртпен бірге Өтебай көшесінің
тұрғындары да өнерден көше емес екендерін
байқатты. Бұған спорт жарыстары, Өтеағаң
шығармалары хақында әдеби викторина
қосылды.
Үш сағатқа жуық созылған мереке, сірә,
ешкімді жалықтырған жоқ. Дегенмен қай
шара да аяқталуы керек. Аяқталды.
Өтебай көшесіндегі «Үлгілі үй» атағы
Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет
қызметкері болған марқұм Қазыбек Қозиевтің
ұрпақтары тұратын үйге берілді. Әдеби
викторина жеңімпаздарына сыйлықтар
үлестірілді. Марат Құлтаев дойбыдан,
Жаңбырбай Оспанов қол күрестен, ал
Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі
арқан тартудан бірінші орын алып,
алғыс хаттар мен ақшалай сыйлықтарға
ие болды.
... Түс ауа қонақтар мінген көліктер
Тәуіп арқылы жазушының туған ауылы
Жайсаңбайға бет алды.

ты табыс етті.
Бұдан соң ұлттық спорт түрлерінен жұртты
иіріп алған сайыстар өтті. Дипломдар мен
ақшалай сыйлықтарды қыз қуудан жігіт
емес, Жұлдыз Қалмашева, теңге алу мен
аударыспақтан Дулат Қожаев, күрестен
Айболат Наурызбаев иеленді.
Айболат түйе палуан атанды. Ал Әбдімәлік
Бермановтың отбасы «Үлгілі үй» конкурсын
жеңімпазы атанды.
Өтебай ағаның аруағына бағышталып ас
берілді, құран оқылды.

Ертай АШЫҚБАЕВ,
«Ақтөбе»

Бауырмал баяндама
Неге бауырмал? Себебі Өтеағаң «адамгершілігі мол аға»
(Қадыр Мырзалиев), «Өте ізетті, қайырымды,
киналған жандарға көмекке алдымен ұмтылып тұратын
азамат» (Қалмұқан Исабаев), «Жүрегі де, жүзі де
түсінікті, ірі, өр болуды үйреткен ісілік иесі»
(Үмбетбай Уәйдін) болған ғой.
Сол себепті баяндамада Өтеағаңның жазушылық
нәміздері мен қайраткерлік қасиетімен бірге осы
бауырмалдық қасиеті де баса айтылды.
Аудан әкімі Кенжеғали Толықбаевтың осы қысқа да
нұсқа баяндамасын толық көлтірудің мүмкіндігі жоқ.
Бірақ үзінділер келтірмесі де болмайды.
... Өтебай Қанахин зергер ұстаның отбасында
1923 жылы желтоқсан айында Ақтөбе облысының
Үрғыз ауданында қарасты Ақсақал-Тәуіп,
қазіргі Жайсаңбай дейтін жердегі Қаратөбе
қыстағын дүниеге келеді. Төбесінен күні,
табанынан құмы өткен сол Қаратөбесі туралы
ширек ғасырдан соң жазушы былай толғанады:
«Жалпақ сор, бозғыл телсен, қоныр биік,
бітімі оқшау Қаратөбе көзіме оттай басылды.
Осы төбемнің іш жақ бауырымда менің қыстауым
бар. Қыстауым осы жерден қарағанда бірден
көзге түссе керек еді. Екі көзім жаудіреп сол
тұсқа жау-таң-жауған қарай берем. Назарыма ештеңе
іліндір алмай тұрмын. Бірақ тап кешегейдей
көкірегімде бәрі сайрап тұр... Қыстауым туған
жерді шамалап байқауым-ақ мұң екең жүрегім
аттай тулап, іші-бауырым елжіреп қоя берді.
Көзіме жас кірілгендей болды. Тамағым
келтіліп, кеңсірігім ұдай ашып барады».

Баршаға белгілі, 1969 жылы Қазақстан
Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ
ССР Министрлер Кеңесі Үрғыз ауданының
экономикасын, мәдениетін, халқының
тұрмысын көтеру туралы арнайы қаулы
қабылдады.
Қаулы қабылданғаннан соған сәйкес
көрінген жақсы бастамалар алғашында
тым аз еді. 1976 жылы ақын Сағынғали
Сейітовпен бірге елге келіп кеткен Өтеағаң
«Социалистік Қазақстан» газетінде
екөөінің атынан «Істелер іс әлі көп» деген
дабыл қаққан мақала жариялады. Көп
ұзамай бұл мақалаға тиісті министрліктер
мен комитеттердің басшылары жауап берді».

Аудандық «Үрғыз» газеті сонау шілде айында
жазушының 80 жылдығына орай қаламгер
туралы жазылған таңдаулы материалдарға
бөйге жариялаған еді. Аудандық газеттің
редакторы Марат Мырзалы осы жиында
жеңімпаздар есімін жария етті.
Алғашқы үш орынға рет саны бойынша Үрғыз
селосының зейнеткері Жаналы Пирмаханов,
осы сөлу тұрғыны Рабат Мұқанова,
Өтебай Қанахин атындағы орта мектептің
оқушысы Динара Бабақбаева іе болды.
Студент Жаннұр Бақытжанқызы мен
Аманкөл ауылының тұрғыны Сайрағұл
Бисенбаеваға ынталандыру бөйгесі берілді.
Жеңімпаздарға Алығы хаттар мен ақшалай
сыйлықтар табыс еттіді.

Кіндіккескен
Мынау — сол жер. Қаратөбе. Үрғыз селосынан
шамамен 130 шақырым тұс. Айдау жолдың
екі жағы әуелде, сірә, биік болған,
заманның желі мен жаңбыры аласартқан
екі төбе. Қонақтар аралап жүр. Аудан әкімі
Кенжеғали Толықбаев түсіндіріп жүр.
Жайсаңбайға кірер тұстағы оң жақ төбеде
Қанаханың қыстауы болыпты. Қазір ізі жоқ.
Жап-жасыл талдар. Көк шөп. Қазіргі қалпын
өзі осы жерде мол нәпақа барын аңғартады.
Ал темір көліктер талай қоймаған,
шөпке шалғы түсіп жарытпаған ол кезде
«жабағылы жас тайпақ жардай атан болар,
жатып қалған бір тоқты жайылып мың қой
болар» жер екені көрініп тұр. Қолдан
жасалған ашық жұртты тентіретті,
болошақ жазушы аш-жалаңаш жүрді,
өліп қалу қаупі туды...
Сол жақтағы төбешікте марқұмдардың қорымы.
Бірақ бірде бір белгі жоқ. Қанаха осы қорымда
екен. Тек қай жерде жатқаны белгісіз.
Осы жерде Қанаха әулетінің рухтарына
арналып құран оқылды.
Одан соң әлгі қыстаудың орнына келген
қонақтарды Жайсаңбай ауылының қариялары
мен өнерпаздары қарсы алды. Әжелер шашу
шашты, аталар бата берді, өнерпаздар
арнауларын ағытты. Көшісін қараңғы түсе
ашық аспан астында концерт болды. Әсерлі
концерт. Ертеңгі шара Өтебай Қанахин атындағы

Сынақтан сынбаған адам
Өтеағаң да өзгелер секілді өзіне тиесілі
ғұмыр кешті. Өмірдің азабын тартты.
Мойыған жоқ. Талай қиындықты жеңді.
Сәдуақас ҚАЛТАЕВ, Үрғыз ауданының құрметті
азаматы, үш бірдей «Қызыл жұлдыз», екі «Отан
соғысы»

Сабақ
25 кітаптың авторы болған 13 жыл бойы
иығынан әскери шинелі түспеген, республикалық
баспалар мен басылымдарда, партияның Орталық
Комитетінде сүйекті қзметтер атқарған Өтебай
Қанахиннің өмірі — XX ғасырдың ұрпағына
қоғам тартқан өншінің бір көрінісі. Сонау
аштық жылдарғы оқиғаларға куә болған талай
жазушының естеліктерін оқып жүрміз. Бірақ
шынашақтай осы жетім бала Өтебай көрген
бейнетті бастан көшкөңдері, ай, сирек. Ой түседі:
сірә, сол кезде бойында жазушылық таланты
бар талай болошақ Өтебайлар көктей солды-ау.
Ендеше, Үрғыздағы той жазушыны еске
алу ғана емес, бүгінгі оқыламай ас ішпейтін
ұрпақты ойландыру, рухын сілкіндіру.
Өтеағаң өзі де жазады ғой: «Бір күн
кейде екі күн бойы дым сызбайтын ауыр
жағдайға душар болдым» немесе «кірпігім
ғана қимылдап, шала жансар жатқан
жерімнен ересек біреулердің тауып алып,
сыртта тұрған шанаға алапыр салғаның
үстіме киіз жауып қымтап тастағаны
еміс-еміс білемін».
Ал той жазушының өз мінезі секілді
сыпайы, салмақты өтті. Артық-ауыс
даңғаза-шусыз өтті. Әлпі «сценарий»
бойында деген езу тарттырар өңгімеміз
бар ғой. Бірақ сценарийдің де керек жері бар
екең. Әрине, талғампаз сценарий.
Ең бастысы, тойға әзірлік барысында
аудан орталығындағы (балкім, тұтас сөле)
Өтебай атындағы көше мен Жайсаңбай
ауылы жасаңқырап қалды, сөндепін қалды.
Алматы мен Ақтөбеден барған қонақтар
осыны анық сезінді. Әдебиетке талапты
жастар бақ сынасты. Аудан оқушылары
Өтебай атасының шығармаларымен кең
танысты, зерделеді. Өтеағаңның тойы
елдің жегірін жандың үлгілі сабағы болды.
... Өтеағаңның ұлы Бекетайдың Жайсаңбай
ауылына, мысалы, мектебіне жауап берген
көмегі мол екен. Сол жалғ беретін болды.
Сосын... Бекетайдың әкесіне жасатып
жатқан мүсіні аяқталуға тақау. Бұл да
әлпі сабақтың ең қасиетті, ең көрнекті құралы.